ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 ақпан №5165-24-00-2/146 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Каусар-сом» Сарымбеков Рустем Ермекович.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Каусар-сом» Сарымбеков Рустем Ермекович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Каусар-сом» Сарымбеков Рустем Ермековичтен Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 169 (бір жүз алпыс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 5 (бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 13.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Рустем Б. М., 01.04.2024
5165-24-3-1/75

Дара кәсіпкер «Каусар-сом» Сарымбеков Рустем Ермековичтен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 13.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Рустем Б. М., 01.04.2024

5165-24-3-1/75